

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ЖАҒДАЙЫНДА 7 МАМЫР
МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ПРОВЕДЕНИЮ
ПРАЗДНИКА 7 МАЯ В УСЛОВИЯХ ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ**

Астана 2023

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Мектепке дейінгі ұйым жағдайында 7 мамыр мерекесін атап өту бойынша әдістемелік ұсынымдар: Әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2023. – 30 бет.

Әдістемелік ұсынымдарда мектепке дейінгі ұйым жағдайында іс-шараларды өткізу бойынша ұсынымдар қарастырылған. Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйым педагогтері мен әдіскерлеріне арналған.

Балаларды ерте дамыту институты, 2023 жыл

МАЗМҰНЫ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА 7 МАМЫР МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР *(қазақ тілінде)*

1	ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІНІҢ ТАРИХЫ	4-бет
2	МЕРЕКЕНІҢ МАҚСАТЫ	4-бет
3	МЕРЕКЕНІҢ МІНДЕТТЕРІ	5-бет
4	МЕРЕКЕНІҢ ИДЕЯЛЫҚ-КӨРКЕМДІК МАЗМҰНЫ	5-бет
5	ЭМБЛЕМАСЫ МЕН НЫШАНЫ	5-бет
6	ҰЙЫМДАСТЫРУ РЕСУРСТАРЫ	5-бет
7	МЕРЕКЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ	6-бет
8	РЕСУРСТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР	7-бет
9	СЦЕНАРИЙ ҮЛГІЛЕРІ	8-бет

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ПРОВЕДЕНИЮ ПРАЗДНИКА 7 МАЯ В УСЛОВИЯХ ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ *(на русском языке)*

10	ИСТОРИЯ ДНЯ ЗАЩИТНИКОВ ОТЕЧЕСТВА	15-стр.
11	ЦЕЛЬ ПРАЗДНИКА	15-стр.
12	ЗАДАЧИ ПРАЗДНИКА	16-стр.
13	ИДЕЙНО-ХУДОЖЕСТВЕННОЕ СОДЕРЖАНИЕ ПРАЗДНИКА	16-стр.
14	ЭМБЛЕМА И СИМВОЛИКА	16-стр.
15	ОРГАНИЗАЦИОННЫЕ РЕСУРСЫ	16-стр.
16	ИНСТРУКЦИЯ ПО ОРГАНИЗАЦИИ И ПРОВЕДЕНИЮ ПРАЗДНИКА	17-стр.
17	ССЫЛКИ НА РЕСУРСЫ	18-стр.
18	ОБРАЗЦЫ СЦЕНАРИЕВ	18-стр.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА 7 МАМЫР МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ МЕРЕКЕСІНІҢ ТАРИХЫ



1992 жылы 7 мамырда еліміздің ұлттық қарулы күштерін құру туралы жарлыққа қол қойылды.

2012 жылы 4 қазанда Парламент «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы қаулы қабылдап, 7 мамыр мемлекеттік мереке мәртебесін алды.

Бүгінгі күні, 7-мамыр — Отанымыздың шекарасын күзетіп, бейбітшілігі бұзылмауына, тәуелсіздігі мәңгілікке жалғасуына үлес қосқан ардагерлердің, олардың ізін жалғаған жаужүрек ұлдардың, абыройы асқақ азаматтардың мерекесі. Біздің қауіпсіздігімізді, отбасымыздың ашық аспан астындағы тыныштығын, бейбіт таңдарымызды күзететін ерлеріміздің мерекесі.

Тарих сабақтары бізге өткен жолды бағалау үшін ғана емес, болашаққа қадам басудың сенімді бағдарларын таңдау үшін де маңызды. Осыған байланысты бұл мерекенің ұрпақ санасында Отанына адалдық, патриоттық рух қалыптастырудағы мәнін ескере отырып, оның нысаны мен идеологиялық мазмұнын Отан қорғаушыларға құрмет көрсетуге, еліміздің ерлерін өнеге тұтуға, елін сүйуге тәрбиелеуге бағыттау ұсынылады. Қазақтың батыр ұлдары мен қыздары ғасырлар бойы елі мен жерін жауынан қорғап, ұрпағына аманат етіп келеді. Сондықтан, «Отан қорғаушылар күні» мерекесі осы ізді жалғастырушы ұрпақтың алдындағы қастерлі міндетін түсіндіретін, бойына ұлттық рух дарытатын, жігерін шыңдайтын, болашаққа сенім қалыптастыратын ерекше тәрбиелік мәні бар шараларды қамтуы тиіс.

Бұл мақсатта:

- бейбітшілікті сақтау жолында адамзаттың соғыс пен зорлық-зомбылықтың кез келген көрінісін қабылдауға болмайтындығы жағына баса көңіл бөле отырып, мерекенің идеологиялық мазмұнын кеңейту;
- интеграциялану идеясын елдің ұлттық қауіпсіздігінің, Қазақстанның күллі халықтары ұрпақтарының бірлігі мен сабақтастығын нығайту факторы ретінде насихаттай отырып, мерекенің отансүйгіштік бағыттылығын күшейту;
- Отанға адал қызмет етудің ел іргесін нығайта түсетінін, халықтың болашаққа сеніммен қарауына тірек болатынын, жастардың бойында өз

еліне деген мақтаныш сезімінің қалыптасуына негіз болатынын көрсету қажет.

МЕРЕКЕНІҢ МАҚСАТЫ — Отан қорғаушылардың ерлігіне құрмет көрсету. Ұрпақ санасында ерен еңбекке құрмет көрсету, Отанын қастерлеп сақтау түсінігін қалыптастыру. Қасиетті жерімізді, дархан даламызды ұрпағына сақтап, жеткізген ата-бабаларымыз бен батыр ұлдарымыздың теңдессіз ерлігі мен жанқиярлығын насихаттау, елінің амандығы жолындағы Отан қорғаушылардың теңдессіз үлесін бағалау.

МЕРЕКЕНІҢ МІНДЕТТЕРІ:

- жас ұрпақты патриотизмге, Отан қорғауға дайын болуға және ұрпақтар бойында тарихи сабақтастықты жете түсінуге тәрбиелеу;
- төзімділік, ашықтық, әлемнің күллі мемлекеттерімен сыйластық тату көршілік қарым-қатынастар сезімін қалыптастыру;
- проблемалар алдында рухтың күштілігін, ержүректілікті, өзіндік тәртіпті, тізе қосуды, өзара көмекті, табандылықты насихаттау;
- соғыс және еңбек ардагерлерін, қарияларды құрметтеуге және сыйлауға үйрету;
- жастардың мерзімді әскери қызметке шақырылып, Отан алдында оны қорғауға әрқашан дайын болатынын, оны өзінің азаматтық борышы деп түсінетінін ұғындыру.

МЕРЕКЕНІҢ ИДЕЯЛЫҚ-КӨРКЕМДІК МАЗМҰНЫ

Мерекенің басты басымдықтары - идеялық бағыттылық, барлық ата-аналар мен балалардың қамтылуы.

Мерекенің идеялық-көркемдік мазмұнындағы негізгі идеялық желілер:

- Отанға, еліне, жеріне деген құрмет пен сүйіспеншілік;
- Отан қорғаушылардың ерлігін дәріптеу;
- Отанды қорғау борышының қасиеттілігі мен ұрпақтардың тарихи сабақтастығы;
- бейбітшілікті сақтаудың маңызы.

Мерекенің идеологиясы - бір жағынан, елін жаудан қорғаған батырлардың ерлігін жадыда сақтауға бағытталған тарихи қырын, екінші жағынан Қазақстан әскеріндегі қызметтің ерлік салтын, республиканың тәуелсіздігін қорғау қажеттігін, қазақстандық патриотизмді насихаттауды, үшіншіден өнегелі тәрбие арқылы елі мен жерін сүйуге баулуды білдіреді.

Жағымды әсерді күшейте түсу үшін бейнебаяндар, теледидар арналары арқылы Отан қорғаушылардың қатысуымен өткен іс-шараларды көрсету орынды болмақ.

Сондай-ақ, бейбіт өмір сүру салтанатын насихаттауға көбірек көңіл бөлу қажет.

ЭМБЛЕМАСЫ МЕН НЫШАНЫ

Мерекенің эмблемасы мен нышанын әзірлеген кезде Қазақстанның қазіргі заманғы мемлекеттік және ұлттық нышанымен үйлесуін ескерген жөн.

Мерекенің түр-түстік шешімін көк түсті, аспан түстес көгілдір, алтын күндей сары түсті реңктерге негіздеуге болады.

ҰЙЫМДАСТЫРУ РЕСУРСТАРЫ

Мерекелерге арналған іс-шаралардың бірыңғай идеялық мазмұнын қамтамасыз ету мақсатында, барлық тәрбиешілердің (жас топтары бойынша), басқа да педагогтардың іс-қимылдарын үйлестіру үшін балабақша бірыңғай жоспар құруы қажет. Шараны мектепке дейінгі ұйым өз күшімен ұйымдастырады. Мектепалды топ/сыныбына, ересек топқа арнайы қонақтарды шақыруға болады.

Мерекені ұйымдастырушылар тек педагогтер ғана емес, ата-аналар да болуы керек. Ата-аналардың, баланың отбасының іс-шараларға көрермен емес, қатысушы ретінде тартылуы маңызды.

Ақпараттық-идеологиялық жұмыс бейбітшілік пен келісім идеологиясын насихаттауға, ерлік пен ерен еңбекті құрметтеуге, болашаққа деген сенімділік сезімін нығайтуға, елі мен жерін сүйуге тәрбиелеуге бағытталуы қажет.

Ата-аналар мен шақырылған қонақтарға арнап, осы мерекенің балалар үшін құндылығы мен маңыздылығы жазылған бағдарлама мен әдемі шақыру хат, электронды ашық хаттар жасау керек.

МЕРЕКЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

1. Педагогтың мерекені ұйымдастыруды алдын-ала жоспарлауы мереке тақырыбын таңдауды қамтиды. Ұсынылатын тақырыптар: «Әрқашан күн сөнбесін!»; «Ер – елінің қорғаны»; «Туған елім, қастерлі менің Отаным!»; «Бейбітшілік жасасын!»; «Біз, бейбіт елдің ұланымыз!»; «Ерлікке тағзым етеміз!»; «Әкелерім ардақты, құрметтейді ұрпағың!»; «Отан қорғаушылар күні – ерліктің нышаны», «Бейбіт күн жасасын әлемде!» және Әдістемелік Кеңестің шешімі бойынша т.б. тақырыптар таңдалуы мүмкін.

2. Мереке сценарийін музыкалық жетекшімен бірге балалардың жасына сәйкес өз тобының тәрбиешілері жасайды. Оны талқылау міндетті түрде балабақшада жұмыс істейтін педагогтермен бірге жүзеге асырылады, олар сценариймен танысады, рөлдер мен міндеттерді өзара бөледі: атрибуттарды, костюмдерді, безендіру дизайнын дайындаумен кім айналысатынын анықтайды. Қауіпсіздікті сақтау ерекше бақылауда болуы керек.

3. Ата-аналарды атрибуттарды, костюмдерді дайындауға, залды безендіруге, сондай-ақ сценарий жасауға тарту өте маңызды. Мерекені балалар, ата-аналар, педагогтердің қатысуымен, балабақшаның өз мүмкіндіктерін ескере отырып, өз күшімен ұйымдастыру қажет. Аниматорларды және басқа ақылы қызмет көрсететін бөгде адамдарды шақыруға тиым салынады.

4. Сценарий желісімен жалпы дайындық жасамаған дұрыс. Бұл балалардың мерекені әсерлі қабылдауын сақтауға көмектеседі.

5. Педагогтер балаларға мереке, оның дәстүрлері туралы алдын-ала айтып береді, өлеңдер, әндер, билер, ойындар үйренеді, қолөнер, ашық хаттар жасалады, суреттер көрмелері ұйымдастырылады. Мерекені күту атмосферасы орнайды.

6. Мерекенің мазмұны балалардың жас ерекшеліктерін, олардың қызығушылықтарын, үйренген репертуарын ескере отырып құрылады. Мереке бағдарламасында әртүрлі іс-шаралар (топтық және жеке орындау, сахналау, би, ойындар, конкурстар, спорттық жарыстар және т.б.) үйлесімді жалғасқаны жөн.

7. Бұл жастағы балалардың тез шаршайтынын ескере отырып, бағдарлама желісінде белсенді әрекет түрлерін кезектестіріп, ауыстырып отыру қажет.

8. Бағдарламаны балалар бүкіл мерекені көруге, жалпы көңіл көтеруге қатыса алатындай етіп құру керек. Бала өзі қатысқан кезде ғана одан әсер алады (ойнайды, ән айтады, билейді, өлең оқиды). Балаларға байқау, ойын, эстафета арқылы өздерін көрсетуге мүмкіндік беру керек.

9. Мерекені өткізудің ұсынылатын нысандары:

- ✓ мерекелік ертеңгіліктер,
- ✓ эстафета,
- ✓ музыкалық-спорттық ойын-сауық,
- ✓ ойындар, квесттер,
- ✓ концерттер,
- ✓ суреттер, ашық хаттар және т. б. байқаулар.
- ✓ Отан, бейбітшілік, достық және т. б. туралы әндердің (өлеңдердің) челленджері.

10. Мерекені өткізудегі маңызды сәт - залды безендіру. Безендіру жағымды эмоциялар береді және тұтастай алғанда мерекелік көңіл-күй тудырады. Залды, дәлізді, топты безендірудегі, костюмдер мен атрибуттарды мерекенің жеке нөмірлеріне дайындаудағы тапқырлық пен шығармашылық, балалардың назарын аударады және олардың жүректерін қанағат, қуаныш сезімімен толтырады.

11. Қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністерінің көрсетілмеуі үшін материалдың сюжеті қызықты және тартымды болуы өте маңызды.

12. Іс-шараларды, тақырыптан ауытқымай, күннің бірінші жартысында да, екінші жартысында да өткізуге болады. Балалардың жасына байланысты олардың ұзақтығы 20 минуттан 1 сағатқа дейін болады.

Ескерту. Іс-шаралар балалардың өмірлік тәжірибесін байытуы, мейірімділік пен еңбекқорлықтың жақсы үлгісін көрсетуі, жаңа білімге деген қызығушылықты оятуы, шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуі, бейбітшілікті және достықты, патриотизмді насихаттауы тиіс.

Үлгі ретінде, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің іс-шараларды ұйымдастыруының бірнеше мысалдарын, сондай-ақ қосымша ресурстарды қарауды ұсынамыз.

Ресурстарға сілтеме:

<https://youtu.be/iyuXu-UHYGs>

<https://youtu.be/LJwLVdczQsE>

<https://youtu.be/eh6NeTkVfmA>

https://youtu.be/BzGBI_7fQM8

<https://youtu.be/ov4fplecWjw>

<https://youtu.be/jb6Ktq8AP2U>

<https://youtu.be/zrL72tqin0>

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/imp/IMP_kz_2022_23.docx

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2022/12/rukovodstvo_kz_131222.pdf

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/N100013910_/history

7-МАМЫР МЕРЕКЕСІНІҢ СЦЕНАРИЙ ҮЛГІЛЕРІ

1-СЦЕНАРИЙ. «Біз Отанның сарбазы» (ересек топқа арналған)

*МКҚК №16 «Шағала» балабақшасы, «Балдырған» ересектер тобы
Дайындағандар: С. Бүтінбаева, Г. Қонабаева*

Мақсаты: Балаларға 7 – мамыр, Отан қорғаушылар күні мерекесін сезіндіру. Балаларды Отан қорғауға, батырлардың ерлік істеріне тағзым етуге, батыл да ержүрек болуға үйрету. Елін, жерін қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Жауынгер біздің саңылақтар,
Тыныштықты қорғайды.
Ардақты Отан - ел үшін,
Бақытты туған жер үшін.

Батырларын еліміздің танып біл,
Оларды әсте ұмытпайды халық бұл!
Ерлік даңқы ешқашанда өлмейді,
Батырлардың жүрегі от боп жанып тұр!

Ән ұран айтылады.

Ән: «Жаса, жайна Қазақстан» (балалардың орындауында).

1-бала:

Тебіренді тауың, желпінді далаң,
Көтерді көкке туларды ғалам.
Отан қорғаушылар күнімен сені,
Құттықтау үшін келіп тұр балаң.

2-бала:

Мереке келді далама,
Ұлықтайық ерлікті.
Мереке келді қалама,
Құрметтейміз Сіздерді!

Ән: «Әкем-анам» (балалардың орындауында).

3-бала:

Көлеңкесі жоқ көңілге күшті,
Алтын мамырдың сәулесі түсті.
Әкелерімнің мерекесі келді деп міне,
Көгіме тағы ұшырдым құсты.

4-бала:

Әкелерім - асқар тау,
Қамымызды ойлар қашанда.
Құттықтаймыз Сіздерді,
Мерекеңмен ардақтап!

Эстафета-ойын.

(Сапқа әкелерімен бірге балаларды тұрғызу, әділ қазылар алқасын тағайындау).

1-тапсырма: Жалауды тез жеткіз.

2- тапсырма: Доппен жарыс. (Балалар қолымен, әкелері гимнастикалық таяқшамен өтеді).

3-тапсырма: Кедергілерден өту.

4-тапсырма: Үлкен доппен секіру. Допқа отырып межеге дейін секіру.

5-тапсырма: Көздеп лақтырып, нысанаға тигізу.

6-тапсырма: Шапшаңдықты шыңдау ойыны. Доптарды жинау.

Балалардың орындауында ән: «Әке туралы ән».

7-тапсырма: Кегальбан. Кеглиді көздеп құлату.

8-тапсырма: «Арқан тартыс». (1) Әкелер мен әкелер. 2) Балалар мен балалар).

Ән: «Ақ кептер».

Әділ қазылар алқасы жарыстың бағасын, дипломдар береді.

Ән: «Әрқашан күн сөнбесін».

Жүргізуші: Осымен, «Біз Отанның сарбазы» атты мерекелік жарысымыз аяқталды. Аспанымыз ашық болсын, бейбітшілік болсын, еліміз тыныш болсын! Тыңдап, көргендеріңіз үшін көп-көп рахмет.

2-СЦЕНАРИЙ. «Айбынды әскер – ел қорғаны!» (мектапалды топ/сынып).

Жүргізуші: 7-мамыр - Қазақстан Отан қорғаушылар күні. Тарихтағы әрбір даңқты күндер секілді бұл мерекеміздің өзіндік тарихы бар.

Егеменді еліміздің тыныштығын және бейбітшілігін қорғау, бұл әр азаматтың қасиетті борышы екендігі баршамызға әйгілі. Ал Отанды қорғаушылар тек қана білектің күшіне сенбейді, ақылы мен қайраты, күш-жігері мен зердесі бірдей мықты – бұл ел қорғаушы ерлерге ежелден қойылып келе жатқан талап. Біздің аталарымыз, біздің бақытты болашағымыз үшін қасық қандары қалғанша шайқасып, елімізді жауынан қорғап, ұрпағына аман сақтап жеткізген. Сондықтан, ерлікті құрметтеп, ата-бабаларымыздың аманатын көзіміздің қарашығындай сақтау – біздің міндетті борышымыз!

Барлығыңызды мерекелеріңізбен құттықтаймыз.

1-бала:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Аспандағы байрақты,
Қанша жұлдыз жайнаттың,
Қанша бұлбұл сайраттың
Қазақстан – елім, менің ардақты!

Залға Б. Мукамановтың «Десант» әнімен ұл балалар саппен кіріп, әскери марш орындайды.

Қыз балалар орындарынан тұрып, әкелерге арналып жасалған сыйлықтарды береді.

Жүргізуші: Құрметті аталар, ағалар, әкелер сіздердің мерекелеріңізге жасаған балаларымыздың сыйлықтарын қабыл алыңыздар.

Балалар орындарына отырады.

Жүргізуші: Құрметті, болашақ Отан қорғаушы ұландарымыз! Біздің Қазақстанымыздың Отан қорғаушы ұл-қыздары қандай болуы керек? Кәне, экранға көңіл бөлейік (*бейнебаян*).

Жүргізуші: Көрдiңдер ме, балалар! Отан қорғаушылар елінің қамын ойлап, бейбітшілікті қорғайтын хас жауынгерлер. Балалар, сендер де өресiңдер, азамат боласыңдар, болашақтағы еліміздің қорғаны сендер боласыңдар.

2-бала:

Ел қорғайтын, ер ағалар-

Ардағымыз, арымыз.

Ерлер тойын, елдің тойын,

Бәрі: Қарсы аламыз бәріміз!

Ән: «Жеңіс күні»

Ал, енді достар, мерекемен құттықтауға келген жас ұландарға кезек берейік!

3-бала:

Тапталмайтын түнгі ізі,

Сақшысы болам Отанның.

Жарқырап жанған жұлдызы

Келеді ұлан атанғым.

4-бала:

Туған жердің әр тасы

Маған ыстық қашаннан.

Бұйраланған аршасын;

Қорғайтын — ер боламын.

5-бала:

Тапталмайтын түнгі ізі,

Ұланы болам Отанның.

Жарқырап жанған жұлдызы,

Жалғаймын жолын Ағаның!

6-бала:

Ей жігіттер!

Сендерге артар міндет көп.

Көтер биік ата салтын құрметтеп.

Ақтай білсең ата-баба үмітін,

Әрбір сөзі – тәлімі мол бір мектеп.

7-бала:

Буырқанып тұрса да, барша маңым

Ақ сұңқардай дауылға қарсы ағамын.

Қиындықты алмастай қиып өтіп,

Бәрі: “Жаса, Бейбітшілік! – деп жар саламын.

8-бала:

Ағалар саптан шықпасын,
Аналар қабақ шытпасын,
Бақытқа жетіп бар адам,
Сәбилер тыныш ұйықтасын!

Би: «Ақ көгершін»

Жүргізуші: Ел қорғайтын батырлар шымыр, шапшаң болып өседі. Олай болса, **«Кім жылдам, кім шымыр?»** ойынын ойнайық.

Ортаға балалар шығады. **Ойынның шарты:** (қол күрес, арқан тартыс, белдеушеге тартылу, гантель көтеру (1,5 немесе 2 кг, жасына қарай), кедергілерден өту). Әкелері балаларға қолдау көрсетеді, бірге қатысады, кеңес береді.

Жүргізуші: Балаларымыз бен әкелерімізге шымырлықтары мен қайсарлықтары үшін мың алғыс! Елінің қорғаны болар ұрпақ өсіріп отырғандарыңыз үшін, Сіздерге рақмет! Бүлдіршіндеріміз елін қорғайтын азамат болып өссін!

Жүргізуші: Ендігі кезекті викторина сұрақтарына береміз.

1. Біз қай Республикада тұрамыз ? (Қазақстан)
 2. Бас қаламыз қалай аталады? (Астана)
 3. Рәміздерімізді кім біледі? (Ту, елтаңба, гимн)
 4. Тудың ортасында не бейнеленген және авторы кім?
 5. Біздің гимнің авторлары кім?
 6. Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 25-тамыздағы Жарлығымен бекітілген маңызы зор әскери құжат. (**Әскери ант**).
 7. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін басқаратын орталық мемлекеттік орган (**Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі**).
 8. Майор, подполковник және полковник әскери қызметшілердің қандай құрамына кіреді? (**Аға офицерлер**).
 9. Кіші лейтенанттан кіші, старшинадан үлкен әскери атақ (**Прапорщик**).
- (Балалар мен әкелердің жауабын анықтау).

Жүргізуші: Ал, енді қонақтар, біздің қазақ халқында бар нақыл сөздерге құлақ түрейік. Тәрбиелік мәні бар, «Жігіттің тоғыз жауы » атты өсиетті тыңдайық.

Балалардың орындауында:

1. Басты жауың жалқаулық,

Сорлататын жаныңды.

2. Осалдығың аңқаулық,
Соқтыратын саныңды.

3. Жасқаншақ болсаң ұры алар,
Қоралап қойған малыңды.

4. Жалатқызбас жасықтық,
Аузыңдағы балыңды.

5. Өтірік айтсаң өңмендеп,
Жоғалтасың арыңды.

6. Өсек терсең телмендеп,
Жоғалтасың арыңды.

7. Көпірме босқа мақтан қып
Түкке тұрмас барыңды.

8. Көрінгенге жалтақтап,
Бола алмайсың жағымды.

9. Біреуді алдап арбаумен,
Аша алмайсың бағыңды.

Жүргізуші:

Қыран-бүркіт көтерер
ердің нарқын,
Қыран жігіт асырар
елдің даңқын!

Ұлдарымыздың орындауында «Теңізшілер» биі.

9-бала:

Балақаймын бүгін мен,
Кіп-кішкентай баламын.
Ертең, мен де, өскенде
Ел қорғауға барамын.

10-бала:

Мен қазақпын, ұланымын елімнің
Мен қазақпын, тірегімін жерімнің
Ұланымын туын көкке көтерер
Болашаққа алға бастап жетелер
Қиындығын қазағымның әрқашан
Қайыспайтын қара нардай көтерер

11-бала:

Көз тойғысыз қазағымның жері бар
Ну орман, тауы, өзені, көлі бар
Қазағымның жерін, елін қорғайтын
Жас жеткіншек, ұланы бар, ері бар

12-бала:

Міне, осындай егеменді еліміз
Кең жазира ұлан байтақ жеріміз
Туған елін, туған жерін сүйетін
Біз қазақтың ұланымыз, еріміз.

13-бала:

Бұл – гүлденіп жайнаған,
Гүлстандар Отаны!
Бірін-бірі сыйлаған
Туысқандар Отаны!

14-бала:

Бұл – ғажайып мұратты
Халықтардың Отаны!
Алтын заман құратын
Алыптардың Отаны!

11- бала:

Сол алыптың бірімін –
Отанымның ұлымын!

Би: «Қара жорға».

Жүргізуші:

Жүреміз даңқты жолдармен,
Қырандар бірге самғаған.
Өзірге кішкентай болғанмен
Ертеңгі ел қорғаны – мен болам!

Ән: «Отан деген атамекен».

Жүргізуші: Отанға адал, елге қайырымды, отбасына мейірімді
болыңыздар. Жүректеріңіз оттай лаулап, жандарыңыз әрдайым жас болсын.
Қайратты, мақсатты болыңыздар.

Жүрекке қамқорлықтың еккен гүлін
Ғажайып келешектің төккен үнін.
Ардақты ағалар, шын көңілден
Жолдаймыз мың алғыс, Сіздерге бүгін.

Аспанымыз ашық, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын!

РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ПРОВЕДЕНИЮ ПРАЗДНИКА 7 МАЯ В УСЛОВИЯХ ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

ИСТОРИЯ ДНЯ ЗАЩИТНИКОВ ОТЕЧЕСТВА



7 мая 1992 года был подписан Указ о создании национальных Вооруженных сил страны.

4 октября 2012 года Парламент принял постановление о внесении изменений и дополнений в закон «О праздниках в Республике Казахстан», и 7 мая получил статус государственного праздника.

Сегодня, 7 мая - это праздник воинов, охраняющих границы нашей Родины, обеспечивающие мир в стране, ветеранов, внесших свой вклад в укрепление независимости, доблестных сыновей, достойных граждан. Праздник наших мужчин, гарантирующих безопасность, мирное, чистое небо у нас над головами.

Уроки истории важны не только для того, чтобы дать оценку пройденному пути, но и для того, чтобы выбрать надежные ориентиры для перехода в будущее. В этой связи, учитывая значение этого праздника для формирования в сознании молодого поколения верности Родине, патриотического духа, предлагаем направить его форму проведения и идеологическое содержание на воспитание уважения к Защитникам Отечества, нравственности, любви к стране. Казахские сыновья и дочери-батыры веками защищали свою страну и землю от врагов и передавали потомкам. Поэтому праздник «День Защитника Отечества» должен включать в себя мероприятия, имеющие особое воспитательное значение, которые объясняют заветную задачу перед этим поколением, прививают ему национальный дух, укрепляют энергию, формируют веру в будущее.

С этой целью:

- расширить идеологическое содержание праздника с упором на то, что на пути к сохранению мира человечество не должно принимать ни одного проявления войны и насилия;
- усилить патриотическую направленность праздника, пропагандируя идею интеграции, как фактор укрепления национальной безопасности страны, единства и преемственности поколений всех народов Казахстана;

- необходимо показать, что верное служение Родине укрепляет позиции страны, вселяет уверенный взгляд народа в будущее, закладывает основу для формирования у молодежи чувства гордости за свою страну.

ЦЕЛЬ ПРАЗДНИКА - чествование подвига защитников Отечества. Формирование в сознании юного поколения уважения к труду, бережного сохранения Родины. Пропаганда мужества и самоотверженности наших предков и сыновей-героев, сохранивших нашу Святую Землю, степные просторы и передавших ее своим потомкам, оценка несравненного вклада защитников Отечества в благополучие нашей страны.

ЗАДАЧИ ПРАЗДНИКА:

- воспитывать у подрастающего поколения чувство патриотизма, готовности защищать Родину и понимание исторической преемственности из поколения в поколение;
- формировать чувство толерантности, открытости, уважительных добрососедских отношений со всеми государствами мира;
- пропагандировать силу духа, смелость, самодисциплину, взаимопомощь, настойчивость перед возникающими проблемами;
- учить уважать ветеранов войны и труда, старшее поколение;
- готовить молодежь к прохождению срочной воинской службы, к защите Родины и понимать ее как свой гражданский долг.

ИДЕЙНО-ХУДОЖЕСТВЕННОЕ СОДЕРЖАНИЕ ПРАЗДНИКА

Главные приоритеты праздника-идейная направленность, охват всех родителей и детей.

Основная направленность в идейно-художественном содержании праздника:

- Любовь и уважение к родине, стране, земле;
- Чествование подвига защитников Отечества;
- Историческая преемственность поколений и святой долг защиты отечества;
- Сохранение мира.

Идеология праздника-это, с одной стороны, исторический аспект, направленный на сохранение в памяти подвига героев, защищавших свою страну от врага, с другой-героический образ службы в армии Казахстана, необходимость защиты независимости республики, пропаганда казахстанского патриотизма, в-третьих, воспитание любви к своей стране и земле через нравственное воспитание.

Для усиления положительного эффекта будет уместно демонстрировать мероприятия с участием защитников Отечества в социальных сетях, по телевизионным каналам.

Также необходимо уделять большое внимание пропаганде торжества мирной жизни.

ЭМБЛЕМА И СИМВОЛИКА

При разработке эмблемы и символа праздника следует учитывать сочетание с современными государственными и национальными символами Казахстана. Цветовое решение праздника можно основывать на оттенках синего, небесно-голубого, золотистого, солнечно-желтого.

ОРГАНИЗАЦИОННЫЕ РЕСУРСЫ

С целью обеспечения единого идейного содержания мероприятия, посвященного празднованию знаменательных дат, необходимо составить единый план дошкольной организации и скоординировать действия всех воспитателей (по возрастным группам), других педагогов.

Организаторами праздника должны выступать не только педагоги, но и родители. Родители, семьи детей должны выступать в качестве участников мероприятия, а не зрителей.

Важным условием при подготовке и в ходе проведения праздника является создание позитивной ауры, атмосферы доверия и взаимоуважения, свободы и непринужденности.

Нужно сделать красивые электронные открытки, приглашения с программой для родителей и гостей, где будет отражена ценность и важность этого праздника для детей.

ИНСТРУКЦИЯ ПО ОРГАНИЗАЦИИ И ПРОВЕДЕНИЮ ПРАЗДНИКА

1. Предварительное планирование педагогом организации праздника включает в себя выбор темы праздника. Рекомендуемые темы: «Пусть всегда будет солнце!»; «Да здравствует, праздник защитников Родины!»; ««Поздравляем, будущих защитников!»»; «Веселые старты»; «Праздник мужества и славы»; «Мы гордимся славными героями страны!» и др. по согласованию на методсовете.

2. Сценарий праздника составляется воспитателями групп, в соответствии с возрастом детей, совместно с музыкальным руководителем. Его обсуждение обязательно проводится с коллективом педагогов, работающих в детском саду, они знакомятся со сценарием, распределяют между собой роли и обязанности: кто займется подготовкой атрибутов, костюмов, дизайном оформления. Соблюдение безопасности должно быть на особом контроле.

3. Очень важно привлечение родителей в подготовке атрибутов, костюмов, оформлении зала, а также при составлении сценария. Праздник необходимо организовать самостоятельно, с учетом возможностей детского сада с участием детей, родителей, педагогов, без приглашения аниматоров и других посторонних лиц, оказывающих платные услуги.

4. Проводить общие репетиции не следует. Это поможет сохранить свежесть восприятия праздника детьми.

5. Педагоги заранее рассказывают детям о празднике, его традициях, разучиваются стихи, песни, танцы, игры, изготавливаются поделки, открытки, организовываются выставки рисунков. Создают атмосферу ожидания праздника.

6. Содержание праздника строится с учетом возрастных особенностей детей, их интересов, разученного репертуара. Желательно, чтобы в программе праздника гармонически сочетались разные виды деятельности (групповые и индивидуальное исполнения, инсценировка, танцы, игры, конкурсы, спортивные состязания и т.д.).

7. Учитывая сравнительно быструю утомляемость детей, необходимо правильно чередовать различные виды активностей.

8. Программу следует строить так, чтобы дети имели возможность видеть весь праздник, участвовать в нем. Ребенок только тогда получает удовольствие, когда он сам принимает участие (играет, поет, танцует, читает стихи). Обязательно нужно дать детям возможность проявить себя через конкурс, игру, эстафету.

9. Рекомендуемые форматы проведения праздника:

- ✓ праздничные утренники,
- ✓ эстафеты,
- ✓ фестиваль,
- ✓ музыкально-спортивные развлечения,
- ✓ концерты,
- ✓ конкурсы рисунков, открыток и др.
- ✓ челленджи песен (стихов) о родине, мире, дружбе и др.

10. Важным моментом при проведении праздника является оформление зала. Оформление дает позитивные эмоции и в целом создает ощущение праздника. Выдумка, творчество в убранстве зала, коридора, группы, подготовка костюмов и атрибутов к отдельным номерам праздника привлекают внимание детей, наполняют их сердца чувством удовлетворения, радости.

11. Очень важно, чтобы материал носил увлекательный и занимательный сюжет, чтобы не было демонстрации **жестокости, насилия**.

12. Мероприятия можно проводить как в первой, так и во второй половине дня, не отвлекаясь от темы. Продолжительность их должна быть от 20 минут до 1 часа, в зависимости от возраста детей.

Примечание. Мероприятия должны обогащать жизненный опыт детей, транслировать положительный пример доброты, трудолюбия, патриотизм, пробуждать интерес к новым знаниям, расширять творческие возможности, нести в себе мир, дружбу, процветание.

В качестве рекомендации предлагаем посмотреть несколько примеров организации мероприятий педагогами дошкольных организаций, а также дополнительные ресурсы.

Ссылки на ресурсы:

<https://youtu.be/iyuXu-UHYGs>
<https://youtu.be/LJwLVdczQsE>
<https://youtu.be/eh6NeTkVfmA>
https://youtu.be/BzGBI_7fQM8
<https://youtu.be/ov4fplecWjw>
<https://youtu.be/jb6Ktq8AP2U>
<https://youtu.be/z zrL72tqin0>
http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/imp/IMP_rus_2022_23.docx
http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2022/12/rukovodstvo_ru_131222.pdf

ОБРАЗЦЫ СЦЕНАРИЕВ ПРОВЕДЕНИЯ ПРАЗДНИКА К 7 МАЯ

СЦЕНАРИЙ 1.

7 МАЯ – ДЕНЬ ЗАЩИТНИКА ОТЕЧЕСТВА В КАЗАХСТАНЕ

Цель: создать атмосферу праздника мальчиков, защитников, а так же радостное настроение, желание радовать родителей, друзей и близких стихами, песнями, танцами, играми и знаниями.

Вход. Упражнение с флажками под песню «Защитники Отечества».

Ведущая: Дорогие ребята! Сегодня мы собрались в этом зале, чтобы отметить особенный праздник День защитника Отечества. 7 мая весь Казахстан будет поздравлять мужчин — ваших пап, братьев, дедушек с днем рождения нашей армии.

1-й ребёнок.

День нашей Армии сегодня
Сильней её на свете нет.
Привет защитникам народа!
И нашей армии...

Дети (хором).
Привет.

Ведущая:

Как гордо звучат слова: «защитник Отечества»! Наши солдаты, офицеры, генералы в любую минуту готовы встать на защиту нашей Родины и нас с вами.

2-й ребёнок.

Здравствуй праздник!

Здравствуй, праздник!
Праздник мальчиков и пап!
Всех военных поздравляет
Наш весёлый детский сад!

3-й ребёнок.

Слава армии любимой!
Слава армии родной!
Наш солдат, отважный, сильный,
Охраняет наш покой.

4-й ребёнок.

Пусть сияет ярко солнце,
И пусть пушки не гремят,
Мир, людей, страну родную
Защитит всегда солдат!

5-ый ребёнок.

Нам лет ещё немного,
Но все мы молодцы.
И мы шагаем в ногу,
Как в Армии бойцы.

Дети исполняют песню «Будем в армии служить»
(Музыка Ю. Чичкова, слова В. Малкова)

Ведущая: А сейчас, я вам, ребята, задам вопросы, а вы постарайтесь правильно на них ответить:

- Наша армия сильна? (Да!)
- Защищает мир она? (Да!)
- Мальчишки в армию пойдут? (Да!)
- Девочек с собой возьмут? (Нет!)
- Сегодня праздник отмечаем? (Да!)
- Мам и девчонок поздравляем? (Нет!)
- Мир важней всего на свете? (Да!)
- Знают это даже дети? (Да!)

Ведущий: Молодцы ребята! На все вопросы ответили верно.

Наши мальчики ещё в детском саду, но пройдут годы, и каждый из них выберет любую военную специальность: станет лётчиком, моряком, танкистом... Армия научит их быть выносливыми и смелыми.

А мы сейчас проведём соревнование и посмотрим, какие же вы все ловкие.

Давайте поиграем?
Игра «Снайперы»

Нужно проползти через тоннель, взять мяч и забросить в корзину, которая стоит на расстоянии 1,5–2 м. От тоннеля ребенок возвращается к команде.

Ведущая:

Ну, ребята, молодцы,
В будущем отличные бойцы!
Стук в дверь (палочки о палочку).
А теперь прислушайтесь,
Слышен стук копыт, -

Это смелый всадник
На коне летит.
Предлагаю поиграть,
На лошадаках поскакать.

(Мальчики делятся на две команды. Первым дают коня и шпагу. Задача: верхом на коне оббежать флажок и вернуться на своё место и передать эстафету другому мальчику. Победит та команда, которая справится быстрее)

Ведущая:

Вот ребята молодцы.
Поскакали от души.
А девочки для вас,
Стихи прочтут сейчас.

1-ая девочка.

В майский день, тёплый день
Все праздник отмечают.
Девчонки обязательно
Мальчишек поздравляют.

2-ая девочка.

Мы не подарим вам цветов:
Мальчишкам их не дарят.
Девчонки много теплых слов
У вас в сердцах оставят.

3-ая девочка.

И все преграды на пути
Преодолеть вам дружно,

Но вот сначала подрасти
И повзрослеть вам нужно.

4-ая девочка.

Мы желаем вам навек,
Чтоб в жизни не робелось.
Пусть будет с вами навсегда
Мальчишеская смелость.

5-ая девочка.

Мальчишек наших не узнать,
Какая выправка и стать!
В вас все девчонки влюблены,
Ведь вы - защитники страны!

Ведущая:

А теперь, отправимся в море.
Вьются чайки на просторе.
Хорошо всем нам
Плыть по волнам.

Ведущий:

Моряки вы все лихие
И танцоры неплохие.
Ну, а сила есть у вас?
Проверим это мы сейчас.

Проводится конкурс «Перетягивание каната»

Ведущий: Какие молодцы наши моряки! Вот такие наши защитники Родины.
Ребята, а давайте с вами исполним песню про Родину.

Песня «Наша Родина Сильна».

Ведущий: Вот и закончился наш праздник!

За то, что солнце светит нам
За то, что нет войны,
Спасибо тем, кто бережет покой родной страны.
Всех защитников страны
Поздравляем нынче мы.
Все солдаты берегут
Землю, небо, мир и труд
Для того, чтобы все дети
Жили счастливо на свете.

СЦЕНАРИЙ 2.

7 МАЯ – ДЕНЬ ЗАЩИТНИКА ОТЕЧЕСТВА

Дети входят в зал под музыку, встают полукругом.

1-й ребёнок. Сегодня в зале праздник

И всем гостям мы рады.

Как здорово, что все мы здесь

Опять вот собрались.

2-й ребёнок. Вам уютно в зале нашем?

Мы споем для вас и спляшем.

Всех мужчин мы поздравляем!

Папы в сборе? Все: Начинаем.

Ведущий: Дорогие дети! Уважаемые гости! Сегодня мы отмечаем замечательный праздник – День защитника Отечества. Это праздник всех защитников нашего Отечества, защитников мира, свободы и счастья.

Солдаты и командиры нашей армии, стоят на службе и днем и ночью. И сегодня хотим поздравить не только ваших пап, братьев, дедушек с днем рождения нашей армии, но и наших мальчиков, будущих защитников нашей Родины.

3-й ребёнок.

День защитника опять.

Но кто нас будет защищать?

Только обзываются,

Игрушками бросаются!

4-й ребёнок.

Плохо ведь себя ведут,

Они, видно, не растут!

Чтоб защитниками стать

Нужно быстро подрастать!

5-й ребёнок.

Неужели нет надежды?

Так и будем, как и прежде,

Мы друг друга охранять,

Без защитников опять!

6-й ребёнок.

Вот мы должны вас защищать,

И от злодеев охранять?

Ну и в чем необходимость,

Вы скажите мне на милость?

7-й ребёнок.

Девчонки любят нас дразнить

Когда хотим лишь пошутить
Капризы этих дам
Не нравятся всем нам!

8-й ребёнок.

Какая польза нам от них?
Лишь только визг, лишь только крик!
Пускай читают нам стихи
Раз защищать мы их должны!
Элиса: Зав окном весна ликует,
Вновь собрались мы гурьбой .
День защитника приходит
Праздник самый наш мужской!

9-й ребёнок.

Да, растут, растут мальчишки,
Мы надеемся на них,
Чтоб героями как в книжке
Стали для родных своих!

10-й ребёнок.

Слава армии любимой!
Слава армии родной!
Наш солдат отважный сильный,
Охраняет наш покой.
Пусть сияет ярко солнце,
И пусть пушки не гремят,
Мир, людей, страну родную
Защитит всегда солдат!

Песня « Идет солдат по городу»

Ведущий:

Друзья!
День нашей армии сегодня!
Сильней её на свете нет.
Привет защитникам народа!
Казахстанской армии –

Дети:

Привет!
Дамир: Все наши дедушки и папы.
Когда-то в армии служили,
Учились защищать Отчизну,
Всегда подтянутыми были.

11-й ребёнок.

Носили форму и фуражку,
Усердно спортом занимались,
Стрелять учились очень метко,

И пистолета не боялись.

12-й ребёнок.

Отважных, сильных и весёлых
Мужчин сегодня поздравляем,
И в день защитника Отечества
Здоровья, радости желаем.

13-й ребёнок.

У нас сегодня день особый
Для мальчишек и мужчин,
День защитника Отечества,
Знает каждый гражданин.

14-й ребёнок.

Чтоб здоровье крепкое
Было у ребят,
Ведь мальчишка – это
Будущий солдат.

15-й ребёнок.

Чтобы быть выносливым
В учении и в бою
Защищать любимую
Родину свою!

16-й ребёнок.

Мы шагаем браво
Левою и правою,
Потому что все солдаты
Были тоже дошколята!
Поскорей бы подрасти,
Чтобы в армию пойти!

Ведущий: Как гордо звучат слова: «защитник Отечества»! Наши солдаты, офицеры, генералы в любую минуту готовы встать на защиту нашей Родины и нас с вами. Наши мальчики очень хотят быть похожими на них, стать такими же сильными и отважными.

Ведущий: Давайте же сейчас поздравим наших будущих защитников Отечества. От всей души мы пожелаем им расти сильными, смелыми, мужественными, добрыми и благородными. И всегда помнить о высоком звании мужчин.

Частушки

1-й ребёнок.

Мы поем для вас сегодня,
И мотив у нас один:
С 7 Мая вас поздравить

Мы с девчонками хотим!

2-й ребёнок.

Повезло же нам, девчата,
Очень мы счастливые.
Ведь мальчишки в нашей группе
Самые красивые!

3-й ребёнок.

В нашей группе каждый мальчик
Восхитительный красавчик!
Мы их очень бережем,
В армию за них пойдем!

4-й ребёнок.

Мальчишек наших не узнать,
Какая выправка и стать!
В вас все девчонки влюблены,
Ведь вы – защитники страны!

5-й ребёнок.

С 7Мая мы сегодня
Всех поздравили ребят.
Пожелали им удачи
От души от всех девчат.

Ведущий:

Все солдаты успевают:
И служить, и отдыхать.
Дам на танец приглашают.
Выходите девчонки танцевать.

Танец «Катюша»

Ведущий: Я думаю, каждому мальчику хочется надеть форму летчика, моряка, десантника... Но чтобы служить в армии надо быть не только умным, смелым, сильным. Нужно еще многое уметь! Так давайте с детских лет воспитывать в себе качества, необходимые защитнику Отечества. Сейчас мы проведем веселые конкурсы, чтобы убедиться лишний раз, что все мальчики готовы к службе в армии, проверим вашу ловкость, быстроту, выдержку.

В зал под музыку входит Антошка с большой ложкой.

Ведущий: А это кто к нам пожаловал?

Антошка:

В гости к вам пришел Антошка!
Вот моя большая ложка!
Люблю повеселиться,

Особенно поесть,
На травке поваляться
И мультик посмотреть!
Что за праздник здесь у вас,
Песни и волнение?
Где печенье, где же торт,
Где же угощение?

Ведущий:

Вообще-то здесь мы собрались
Не чай с вареньем распивать,
А свою удаль показать!
Чтобы сильными расти!
Чтобы в армию пойти.

Антошка:

Удаль? Что это? Вкусно?
Пирожки с капустой?
Компот или кисель?
Люблю я все, поверь!

Ведущий:

Да нет! Вставай скорее в строй!
Займемся мы сейчас тобой!

Игра “Кто первый?” для мальчиков.

Правила игры. На полу лежат флажки, на один меньше, чем детей. Под музыку дети танцуют по кругу. При остановке музыки стараются быстро взять флажок. Кому не достался флажок, тот выбывает. Один флажок убирается и т. д. Тот, кто победит, обходит круг почёта с поднятым флажком.

Антошка:

Вот это да!
Намял бока!
Работа эта нелегка! (Расстилает коврик, укладывается).
Ну а теперь я лучше полежу!
Я собственным здоровьем дорожу!

Ведущий:

Ты же будущий солдат!
Как удержишь автомат?
Мышцы крепкие нужны,
Руки сильные важны.
В строй скорее становись,
Да крепче за канат держись!

Игра «Перетягивание каната» с Антошкой

Ведущий: Сегодня мы убедились, что у нас подрастает достойное поколение защитников Отечества. А это значит, что у нас будет, кому защищать нашу Родину. Мы поздравляем еще раз всех с Днем защитника Отечества, а также хотим всех поздравить с Днем Победы! Желаем всем здоровья и счастья. И пусть небо над Казахстаном и всем миром всегда будет – голубым!

6-й ребёнок.

Хотим под мирным небом жить
И радоваться, и дружить,
Хотим, чтоб всюду на планете
Войны совсем не знали дети!

7-й ребёнок.

Мир – это главное слово на свете
Мир нужен взрослым,
Мир нужен детям,
Мир нужен всем на нашей планете

8-й ребёнок.

Пограничник на границе
Нашу землю стережет,
Чтоб работать и учиться
Мог спокойно весь народ.

9-й ребёнок.

Наши летчики-герои
Небо зорко стерегут.
Наши летчики-герои
Охраняют мирный труд.

10-й ребёнок.

Наша армия родная
Стережет покой страны,
Чтоб росли мы, бед не зная,
Чтобы не было войны.
Так пусть же все ребята
Счастливыми растут!

Песня: Пусть всегда будет солнце!»

Антошка:

Вам, ребята, благодарен,
За науку, за игру.
Быть выносливым и ловким
Не мешает никому (уходит)

Ведущий:

А вот моряки —
Народ веселый,
Хорошо живут,
И в свободные минуты.
Пляшут и поют

Танец «я-морячка, ты-моряк»

11-й ребёнок.

Я уже почти большой,
Быть могу матросом.
Даже в плаванье уйти
Я могу без спроса.
Мне не страшен ураган,
Пусть бушует океан.
Папа, мама, не волнуйтесь:
Я вернусь из дальних стран.

12-й ребёнок.

Мечтают мальчишки скорей подрасти
И взрослыми стать,
И на службу пойти.
А папы, наверно, мечтают опять,
Таковыми - как в детстве,
Мальчишками стать.

13-й ребёнок.

В душе каждый папа-
Ну - просто мальчишка.
Бывает, ведет себя, как шалунишка.
Поэтому следует им разрешать
Пусть редко, но все же
Мальчишками стать.

14-й ребёнок.

Не терпит мой папа безделья и скуки,
У папы умелые, сильные руки.
И в помощи он никому не откажет,
И доброе слово он вовремя скажет.

Песня на английском языке.

Ведущий:

Нашей армии Казахстанской
День рожденья в Мае.

Слава ей - непобедимой,
Слава миру на земле.
Трубы громкие поют:
"Нашей армии - салют! "

Фонограмма «Салют»

Вот пролетел веселья час, мы рады были видеть вас!